

ЗАЌНАМАНЫ ЖӘНЕ ЭТИКАЛЫҚ НОРМАЛАРДЫ БҰЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАУ САЯСАТЫ (SPEAK UP)

КІРІСПЕ

KAZ Minerals өз қызметінің барлық салаларында ашық болу мәдениетін дамытуға және адалдық пен есептіліктің жоғары стандарттарын қамтамасыз етуге ұмтылады. Проблемалық мәселелер туралы дереу хабарлау және оларды шешу теріс әсер ету дәрежесін азайтуға және кейінгі бұзушылықтардың алдын алуға мүмкіндік береді.

KAZ Minerals қолданыстағы заңнаманы немесе KAZ Minerals саясатын бұзатын белгілі немесе болжамды әрекет туралы, адамға қауіп төндіруі немесе қоршаған ортаға зиян келтіруі мүмкін кез келген қаржылық алаяқтық немесе кемшіліктер туралы дереу хабарлаған адамды белсенді түрде ынталандырады. KAZ Minerals әрбір өтініш бойынша мұқият тергеу жүргізілетініне және қажет болған жағдайда тиісті шаралар қабылданатынына кепілдік береді.

KAZ Minerals кеңес алу үшін адал ниетпен жүгінетін, алаңдайтын немесе осы Саясатқа сәйкес хабарласатын адамға қатысты шара қолданбайды немесе жазаламайды және қудалаудың кез келген түріне жол бермейді.

МАҚСАТЫ

Осы Саясатта жұмыскерлер мен үшінші тұлғалар өздерін алаңдататын қандай да бір мәселелер туралы қалай хабарласа алатыны және соған қатысты қандай шаралар қабылданатыны түсіндіріледі.

ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ

Осы Саясат KAZ Minerals компаниясының барлық лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне (тұрақты, келісімшарт бойынша, уақытша жұмыс істейтін жұмыскерлер), іссапарға жіберілгендерге және агенттіктер ұсынған қызметкерлерге (бұдан әрі олардың әрқайсысы «Жұмыскер» деп аталады), жеткізушілерге, консультанттарға, агенттерге, дистрибьюторларға және Топтың атынан іс-әрекет ететін кез келген өзге де тұлғаларға, сондай-ақ Топтың компаниялары ынтымақтасатын басқа да тұлғаларға (бұдан әрі олардың әрқайсысы «Үшінші тұлға» деп аталады) қолданылады. Тиісті жағдайларда осы Саясатта Жұмыскерлер мен Үшінші тұлғалар бірлесіп «Өтініш беруші» немесе «Өтініш берушілер» деп аталады.

Өтініш берушілер KAZ Minerals компаниясының, оның қызметкерлерінің немесе KAZ Minerals атынан іс-әрекет ететін кез келген тұлғалардың іс-әрекетіне қатысты өздерін алаңдататын мәселелер туралы хабарлауы тиіс. Басшыларға KAZ Minerals компаниясында осындай Саясаттың бар екендігі туралы серіктестерге белсенді түрде ақпарат беру ұсынылады.

САЯСАТ

KAZ Minerals Өтініш берушілерді жұмыс орнындағы оқиғаларға немесе құқыққа қайшы келетін әрекеттер мен бұзушылықтарға қатысты өздерін алаңдататын мәселелер туралы мүмкіндігінше ертерек хабарлауға шақырады. KAZ Minerals Өтініш берушіге оны алаңдататын барлық ақпарат белгілі болмауы мүмкін екенін мойындайды, бірақ бұл өтінішті кейінге қалдыруға себеп болмауы керек.

Төменде хабарлауға жататын мәселелердің шағын тізбесі берілген:

- Адамның өміріне немесе денсаулығына зиян келтіруі мүмкін іс-әрекеттер немесе әрекетсіздік;
- Қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық;
- KAZ Minerals компаниясының атын оның жұмыскерлері немесе іскерлік серіктестері өздерінің бөлімшесі үшін, өзі үшін әділетсіз немесе заңсыз қаржылық артықшылық алу мақсатында жаңылыстыру;
- Қаржылық есептілікке тікелей немесе жанама әсер ететін ақпаратты қасақана бұрмалау;
- Кез келген заңды міндеттемелерді немесе ішкі саясат пен процедураларды сақтамау;
- KAZ Minerals немесе оның жұмыскерлерінің қоршаған ортаға зиян келтіруі мүмкін іс-әрекеттері немесе әрекетсіздігі;
- Ішкі қаржылық есеп және бақылау ережелерін өрескел бұзу;
- Бопсалау, сыбайлас жемқорлық, салық төлеуден жалтару немесе парақорлық;
- Кәсіби емес немесе этикаға жатпайтын мінез-құлық; және
- Жоғарыда аталған мәселелерге қатысты мәліметтерді әдейі жасыру.

KAZ Minerals кеңес алу үшін адал ниетпен жүгінетін, алаңдаушылық білдіретін немесе кез келген теріс қылықтар, заңсыз іс-әрекеттер немесе заң бұзушылықтар туралы хабарлайтын кез келген жұмыскерге қатысты қудалаудың қандай да бір нысандарына жол бермейді. KAZ Minerals проблемалар мен бұзушылықтар туралы хабарлаған Жұмыскерлерді қорқытудан, қудалаудан және кемсітуден қорғауды қамтамасыз етеді; Мұндай әрекеттерді білетін немесе күдіктенетін Жұмыскерлер ол туралы өз бөлімшесінің Комплаенс-офицеріне немесе Қазақстандағы немесе Қырғызстандағы Бас комплаенс-офицерге немесе Дубайдағы Корпоративтік хатшыға немесе Speak up қызметі арқылы тікелей хабарлауы тиіс. Тергеуге қатысатын немесе жәрдем көрсететін Жұмыскерлерді қорғау қамтамасыз етіледі.

Мәселелер туралы хабарлама

Іскерлік этиканы, қолданыстағы заңнаманы немесе KAZ Minerals компаниясының ішкі актілерін бұзу туралы негізделген күдіктері бар Жұмыскер, ең алдымен, осы жағдай құзыретіне жататын және оған барынша қысқа мерзімде тиімді жауап бере алатын тікелей басшыға жазбаша түрде хабарлауы тиіс. Егер мәселе шешілмесе, Жұмыскер бұл мәселені өз департаментінің басшысына немесе тиісті бөлімшенің Комплаенс-офицеріне немесе Қазақстандағы немесе Қырғызстандағы Бас комплаенс-офицерге немесе Дубайдағы Корпоративтік хатшыға хабарлауы тиіс. Алайда, егер Жұмыскерге жоғарыда аталған ішкі механизмдерді пайдалану ыңғайсыз болса, KAZ Minerals Тобының «Speak Up» қызметін пайдалана отырып, тәуелсіз үшінші тарапқа проблемалық мәселелер туралы хабарлаудың қосымша нұсқасы бар.

Құқыққа қарсы іскерлік әрекет болды немесе болуы мүмкін, заңнама бұзылды деп негізді түрде растайтын үшінші тұлға алдымен KAZ Minerals компаниясындағы өзінің байланысу тұлғасына жазбаша нысанда хабарлауы тиіс. Үшінші тұлға да KAZ Minerals Тобының «Speak Up» тәуелсіз қызметі арқылы проблемалық мәселелер туралы аты-жөнін жасырып хабарлай алады.

Speak up телефон желісі мен интернет-ресурсына іскерлік этиканың және заңнаманың сақталуын бақылау қызметтері нарығында көшбасшы болып табылатын тәуелсіз Safecall Limited компаниясы қызмет көрсетеді. Қызмет тәулігіне 24 сағат бойы демалыссыз жұмыс істейді және телефон желісі арқылы да, интернет-ресурс арқылы да көп тілде қызмет көрсетеді.

Егер Өтініш беруші проблема туралы Speak Up телефон желісі арқылы хабарлағысы келсе, ол Ұлыбританиядағы немесе Дубайдағы 0800 915 1571, Қазақстанда 8800 3333 499 немесе Қырғызстанда 0 800 8000 800 телефондарына хабарласуы қажет, немесе ол www.safecall.co.uk/report сайтына, немесе kazminerals@safecall.co.uk электрондық поштасын қолдана алады. Телефонмен қоңырау шалу тегін.

Осы Саясатқа сәйкес берілген барлық өтініштер Бас комплаенс-офицердің, Дубайдағы Құқықтық бақылау бөлімінің басшысының және Корпоративтік хатшының назарына жеткізіледі, олар бұл туралы белгіленген тәртіппен Басқарма төрағасына, Байқау кеңесінің төрағасына, Аудит жөніндегі комитеттің төрағасына немесе Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және тұрақты даму комитетінің (ЕҚӨҚЖТД) төрағасына хабарлайды.

KAZ Minerals Өтініш берушілерді әрі қарай тергеуге көмек көрсету және Өтініш берушілерді қарау нәтижелері туралы хабарлау үшін Speak Up қызметіне жүгінген кезде өздерінің аты-жөні мен байланыс ақпаратын хабарлауға шақырады. Дегенмен, әрбір Жұмыскер проблема туралы жасырын түрде хабарлауға құқылы.

KAZ Minerals компаниясы қолданатын шаралар

KAZ Minerals компаниясының негізгі мақсаты жұмыс орнында заңсыз әрекеттерді, заңнаманы немесе ішкі актілерді бұзудың алдын алу болып табылады. Егер мұндай жағдайлар болып жатса, KAZ Minerals компаниясының міндеті – оларды дереу тоқтату және қайталануына жол бермеу.

Бастапқы тергеуден кейін, егер ұсынылған өтініштер негізделген деп танылса, KAZ Minerals төменде көрсетілген қадамдардың бірін немесе бірнешеуін қолдана алады (шағын тізбе):

- тергеу амалдарының нәтижелері мен ұсынылатын шараларды қоса алғанда, мәселені жергілікті жердегі басшылыққа беру;
- тергеу амалдарының нәтижелері мен ұсынылатын шараларды қоса алғанда, материалды бөлімшенің қызметкерлерді басқару қызметтеріне немесе Топтың Қызметкерлерді басқару жөніндегі директорына беру;
- ресми ішкі тергеу жүргізу мақсатында мәселені Атқару комитетіне беру;
- техникалық саратамаға беру;

- мәселені Байқау кеңесіне және/немесе Аудиторлар комитетіне немесе ЕҚӨҚЖТД комитетіне беру; немесе
- әрі қарай тергеу амалдарын жүргізу үшін материалдарды құзырлы мемлекеттік органға беру.

Өтініш жасырын түрде немесе өзге де ерекше жағдайларда берілген жағдайларды қоспағанда, Өтініш берушіге қабылданған шаралар туралы тікелей немесе Safecall арқылы хабарланатын болады.

Егер Өтініш беруші мәлімделген мәселе бойынша тиісті тергеу жүргізілмеді немесе қабылданған шаралар қанағаттанарлықсыз деп есептесе, ол KAZ Minerals International DMCC Байқау кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің төрағасына cossec@kazminerals.com электрондық мекенжайы бойынша жазбаша түрде немесе Дубайда немесе Ұлыбританияда Safecall Limited 0800 915 1571, Қазақстанда 8800 3333 499 немесе Қырғызстанда 0800 80 80 800 телефоны бойынша жүгіне алады, мұндай өтініштер тексерілетін болады.

Құпиялылық

Жұмыскер адал ниетпен шағымданған жағдайда, заңгерлік кеңес алу үшін немесе заңдық немесе нормативтік міндеттемелерді орындау үшін қажет болған жағдайларды қоспағанда, KAZ Minerals компаниясы оның жеке басы туралы ақпаратты ашпайды. Сонымен қатар егер тергеп-тексеру жүргізу мақсатында Жұмыскердің жеке басын ашу қажет болса, KAZ Minerals мұны Жұмыскердің алдын ала келісімін сұрау және алу және заңнаманың барлық тиісті талаптарын сақтау талабымен ғана жасай алады.

Мүмкіндігінше ақпаратты ашуға қатысты барлық дәлелдемелер міндетті түрде сақталуын қамтамасыз ететін болады.

Тәртіптік жаза және өзге де шаралар

Қиянат жасау, заңсыз әрекеттер немесе заңнаманы немесе ішкі актілерді бұзу фактісі расталған жағдайда, кінәлі адамдарға қатысты KAZ Minerals заңнамасына және/немесе ішкі саясаттары мен ережелеріне сәйкес тиісті тәртіптік немесе өзге де шаралар қолданылатын болады.

Мәселе туралы адал ниетпен хабарлаған Жұмыскерден кек алудың немесе қудалаудың кез келген актілері қолданыстағы заңнамаға және/немесе KAZ Minerals ішкі саясаты мен ережелеріне сәйкес тәртіптік немесе өзге де шараларын қолдануға әкеп соғады.

Егер Өтініш беруші өзін алаңдататын мәселе туралы адал ниетпен хабарласа, бұл кейінгі тергеумен расталғанына қарамастан, оған қатысты ешқандай шара қолданылмайды. Осыған қарамастан, кез келген зиянды немесе негізсіз айыптаулар қолданыстағы заңнамаға және KAZ Minerals ішкі саясаттары мен рәсімдеріне сәйкес тәртіптік немесе басқа да тиісті шаралардың қолданылуына әкеп соғады.